

**Аблайханов Б.М.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, тарих факультеті, МИО-61 тобы, магистрант  
(*Ғылыми жетекші — т.ғ.к., доцент Амрина М.С.*)

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр... Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» [1] - деп атап өтті.

Жаһандану дәуірінде біздің білім беру жүйесіне қойылатын талап өте жоғары. Себебі біз ғаламдық деңгейде тұлғаны тәрбиелеуіміз керек. Отбасынан ұлттық құндылықтардың негізін қаласа, мектеп қабырғасына келгенде сол құндылықтарды тереңдетіп, алған білімімен тарихқа терең үңіліп, бай қазынамызбен сусындап, екеуін ұштастырып өмірде пайдалануға дағдыландыру. Аласапыран, мидай қайнаған әлемде өзінің ойып орнын тауып, мәртебесін биіктететін бірден бір қазығы ол білімі мен ұлттық рухы. Сонымен қатар бүгінгі оқушыға қойылатын тағы басты талаптың бірі жан-жақты біліммен қатар, сол білімді қолдана алатын дағдыларды да дамыту керек.

Осы орайда жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТны қолдану, коммуникативті қарым - қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту. Ендігі кезекте жаңартылған білім беру мазмұнындағы мектептегі тарих пәнінің мақсаттары мен міндеттерін сараласақ - Отанымыздың және әлемнің тарихи даму көрінісін қалыптастыру, тарихи үдерістердің мәнін олардың біртұтастығы мен үздіксіздігін түсініп, қоғамның дамуындағы ортақ тарихи заңдылықтары мен тенденциялары туралы түсінік қалыптастыру арқылы қоғам дамуының біртұтас бейнесін қалыптастыру. Сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында тарих - бұл қоғамды біріктіруші құрал екендігі туралы түсінік пен ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырып, патриот және белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеу. Түрлі тарихи деректермен жұмыс жасау дағдысын дамытып, тарихи оқиғалар, құбылыстар мен үдерістерді талдау, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және бағалау дағдылары арқылы тарихи ойлау дағдыларын дамыту.

Жаңартылған оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Тарихи пәндер мазмұнының көлемі тақырыптық бөлімдерді біріктіру (үлкейту) арқылы жетілдірілді;

- Тарихи пәндер арасында тығыз пәнаралық байланыс орнатылған. Бұл оқу материалдарының қайталануына жол бермейді, сондай-ақ Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үдерістер контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді;

- Тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағыттылық (тарихи үдерістер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, ұғыну және түсіндіру);

- Оқушылардың бойында тарихи сананы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған материалдарды оқуға ерекше көңіл бөлінген.

Бүгінде қазақстандық мектептердің барлығында, Қазақстан және Дүниежүзі тарихы пәндерінің оқыту, 5-10 сыныптарда толықтай жаңартылған білім беру бағдарламасына көшті. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы басты ерекшеліктерінің бірі спиральдік принципі негізінде оқыту. Спиральділік оқыту қағидасы бойынша оқу бағдарламасын Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Орта білім мазмұнын жаңарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделген [2].

Спиральдік оқыту қағидасының негізінде Қазақстан тарихы пәнінде қоғамдық-саяси өмірдің бір саласын үнемі қайталап, өтілген тақырыптармен байланыс орнатады. Сонымен қатар әр уақыт кезеңіндегі өзгерістерді түсініп, сол өзгерістердің себеп-салдарлары мен маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстан тарихындағы мәдениет тақырыптарын

алатын болсақ, ежелгі қазақ жеріндегі материалдық және рухани мәдениеттің дамуын талдай алады. Мысалы, XVIII-XIX ғасырдағы мәдениет тақырыбын өткенде XV-XVII ғасырлардағы мәдениетті міндетті түрде еске түсірген дұрыс. Осыған байланысты әр кезеңдегі ақын-жыраудардың еңбектерін оқып, тарихи тұрғыда талдауға бағытталған тапсымалар беру арқылы, тарихи оқиғаларды терең түсініп, сол кездегі қоғамдық-саяси өмірді талдай алады.

Бұл мақсатқа жету үшін оқушыларға Венн диаграммасы, «5 сұрақ», PEST талдау және деректік сұрақтар беру арқылы оқушылардың ойларын жинақтап, нақты қорытынды шығара алады. Яғни, әр кезеңдегі тарихи оқиғалар, шығармалардың негізгі тақырыптары және олардың сол кездегі тарихи оқиғалармен байланысын түсінеді. Ақын-жыраулардың қоғамдағы рөлін түсіну арқылы әлеуметтік топтардың жағдайын және қазақ жеріндегі саяси-экономикалық жағдайынан ақпарат алуға ықпал етеді.

Ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрпты, мәдени құндылықтардың қалыптасуы мен даму, тарихы туралы біліп, бүгінгі жаһандану дәуірімен байланыстара алады. Сол арқылы бүгінде азшылықты құрайтын ұлттарға төнген қауіпті саралап, ұлттық рухты асқақтатып, мәдениетті сақтап, өркендетудің маңызын түсінеді.

Тарихи материал әр сыныпта кезеңдерге бөлініп, ежелгі дәуірден бүгінгі уақытқа дейінгі хронологиялық ретте берілген. Мұғалімдер сабақ тапсырмалары мен оқушылардың зерттеу іс-әрекетін жоспарлаған кезде тарихи ой-сананы дамытуға ықпал етуі керек. Оқыту келесі тарихи концептілер арқылы жүру керек: өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады); себеп және салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті); дәйек (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады); ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар); маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде); интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи ойлау дағдылары бірте-бірте прогрессия мен олардың кеңеюін есепке ала отырып әр сабақтың үстінде дамытылуы тиіс. Белгілі бір тарихи концептілерге фокус арқылы құралған білім беру оқушылардың бойында нақты оқыту материалының негізінде тарихи ой-сананы қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі тарих пәнін оқытудың келесі ерекшелігі бұл тарихи концептілер арқылы оқыту. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1. «Өзгеріс пен сабақтастық»

*Білім алушылар:* сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдауы және бағалауы; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіруі; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіре білуі тиіс.

2. «Себеп және салдар»

*Білім алушылар:* бір немесе бірнеше себептердің және ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдауы және бағалауы; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінуі; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіре және бағалай білуі тиіс.

3. «Дәлел»

*Білім алушылар:* қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдауы; тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасауы; өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әр түрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдай білуі тиіс.

4. «Ұқсастық пен айырмашылық»

*Білім алушылар:* белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және әр түрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстыруы тиіс.

5. «Маңыздылық»

*Білім алушылар:* қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтауы тиіс.

## 6. «Интерпретация»

*Білім алушылар*: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әр түрлі көзқарастарды түсіндіруі және бағалауы тиіс [3].

Мектептегі білім берудің келесі өзекті мәселесі оқушыларды оңайдан қиынға бағыттай отырып оқыту. Әр кезеңде оқушылар белгілі бір білім дағдыларын меңгере отырып, келесі сатыға өте алады. Әр кезеңде оқушы өзінің жас ерекшелігі мен білімділік қабілетіне сай жетістікке жетіп отырады. Қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім – тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан – жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Блум таксономиясын қолдану арқылы оқытуда жеке тұлға әр сапада көрініп, өзіне ғана тән жеке тұлғаға қажетті қалыптасатыны анық.

Блум таксономиясы бойынша тарих сабағында қолданған категориялар мазмұны, сұрақтар мен тапсырмаларының үлгісі келесідей:

**Білу** дағдысы бойынша мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Білім алушы қолданылған терминдерді, нақты фактілерді, жұмыстың орындалу ретін, негізгі ұғымдар мен ережелерді, қағидаларды білуі керек. Оқушылардың бойындағы дағдыны тексеру үшін «Кім? Не? Қашан? Қайда?» ережелерді жазу, атап көрсету, жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, сәйкесендіру сияқты тапсырмаларды беруге болады.

Келесі **түсіну** дағдысы бойынша оқушылар негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілермен идеяларды түсінетіндегін көрсетеді. Сөзбен келтірілген мәліметті кестемен және схемамен көрсетеді. Оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндай алуы керек. Тарихи оқиғалардың әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжай алу керек. Білім алушы фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсініп, сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіріп түсіндіре алады. Осы дағдыны дамыту үшін Қалай? Неліктен?, сөйлемді аяқтау, сөйлемді өзгерту, өзара байланысын түсіндіру, айырмашылығын көрсету сияқты тапсырмаларды орындайды.

Таным мен ойлаудың орта деңгейі **қолдану** дағдысының негізінде жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалана алу керек. Бұл категорияда оқушылар берілген мәселелер бойынша басқа пәндер бойынша алған білімдерін қолдана отырып өзіндік пікірін білдіреді. Сабақта алған білімдерін ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларды, заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларды жаңа бағытта қолданады. Бұл дағдыны көрсету үшін оқушы түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Блум таксономиясының **талдау** дағдысы. Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру, жіктеу, қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтайды. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу, бүтіннің бөліктерін ажырату, бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтайды. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Бұл дағдының негізінде оқушы қарым қатынасты, ұйымдастыру қағидаларын талдайды. Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді зерттеу арқылы ашады. Ойдың өрбуіне қатысты қателер мен олқылықтарды айқындап, фактілер мен олардың салдарының арасын ажыратады және ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды.

Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейінің бірі - **жинақтау**. Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсынады. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді. Бұл дағдыны дамыту үшін шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазып, қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданып, жеткізеді.

Блум таксономиясының таным мен ойлаудың ең жоғарғы деңгейі **бағалау** болып табылады. Бұл дағды бойынша өзіндік пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді [4].

Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды. Сонымен қатар ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын, жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды.

Қазақстан тарихын мектепте оқыту Қазақстан тарихын көне заманнан бүгінге дейін мекендеп келген халықтың, адамзаттың тарихи жолын, тарихи білімдер негізін игеруге, оқушылардың санасында ұлттық бірлікті қалыптастыруға, азаматтық пен елжандылыққа, өз халқының келісім мен төзушілікке тәрбиелеуге, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге және жеке тұлғаның қалыптасып дамуына септігін тигізеді [5].

Жас қазақстандықтарға патриоттық тәрбие беруде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын бергеніміз жөн. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісіне кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдер ұстаздарды қажет етеді. Осы орайда, тарихты оқыту барысында оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгеру, педагогикалық технологияның қыр-сырын терең білу, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан <http://adilet.zan.kz>

2. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығы <http://adilet.zan.kz>

3. Білім мазмұнын жаңарту аясында (5 - 9 шы сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана., 2019. // <https://nao.kz>

4. Проектирование педагогических целей, ориентированных на результат: таксономический подход Виктория Булатова, Центр социальной интеграции, Информационно-методический вестник о многоязычном и поликультурном образовании в странах Центральной Азии. Кыргызстан, г. Бишкек. Диалог. июль – сентябрь 2016. №16. <https://e-history.kz>

**Ақмашова А.М., Рымбек Т.А.,** Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, машина жасау факультеті, НВП-19-1 тобының студенті  
(Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Байжуманова Н.С.)

## **ЖАСТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН РОЛІ**

Жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыру үшін әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір-бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Сонымен қатар, мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдіт-ғұрыптарын өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Мектепте оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда ана тілінде (мемлекеттік) жүргізілетін барлық пәндердің алатын орны ерекше. Отанды сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздер мен А.Құнанбаевтың қара сөздері оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Бұл аталғандардың барлығы мектеп қабырғасындағы патриоттық сезімді қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деуге болады.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ерекшеліктер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзінен-өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Патриоттық сезім